

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 маусымдағы N 980 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1034 . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 маусымдағы N 980 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

Мынадай мазмұндағы 2 және 3 тармақтармен толықтырылсын:

"2. Департамент пен оның Алматы, Арқалық, Байқоңыр, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған облыстары мен қалаларындағы аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің және оның аумақтық комитеттерінің мүліктік және өзге құқықтары және міндеттерінің құқықтық мұрагерлері болып айқындалсын.

3. Департамент пен оған тікелей бағынатын аумақтық органдары мемлекеттік меншікті басқаруды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының меншік қатынасында мемлекеттің мүддесін білдіреді";

2 және 3 тармақтар 4 және 5 тармақтар болып есептелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі